

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Тараз қаласы

2025 жыл «11» наурыз

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы № 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауы (бұдан әрі – СЖТІТ) - Кәсіпорын бас дәрігерінің 24.02.2025 жылғы № 171-Ө бұйрығы негізінде жұмыс тобының мүшелерімен «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жамбыл облысы бойынша Департаменті» РММ-ң 24.02.2025 жылғы № 20-3-1-9/678-И хатын орындау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу» Қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:
емхана бөлімдері.

СЖТІТ объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2020 жылғы 1 қаңтардан 2025 жылғы 1 наурызға дейін.

СЖТІТ жүргізу мерзімі: 2025 жылғы «24» ақпаннан - «11» наурыз аралығы.

СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Тегін медициналық қызметтер мен дәрі дармек ұсыну кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СЖТІТ үшін ақпарат көздері:

1. Кәсіпорынның қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар (Жарғы, Кәсіпорынның бөлімшелері туралы ережелер, нұсқаулықтар, өзге де нормативтік құқықтық актілер);
2. Кәсіпорынның қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептіліктер;
3. Кәсіпорынның қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
4. Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
6. СЖТІТ бойынша жүргізген нәтижелер;
7. Кәсіпорын қызметкерлерінен сұрастыру нәтижелері.

Ішкі талдау Кәсіпорынның шеңберінде қызмет ететін негізгі заңнамалық актілер ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Азаматтық кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары, Жарғы, сондай-ақ Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттары (қағидалар, нұсқаулықтар, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және т.б.) болып табылатынын көрсетті.

Кәсіпорынның Жарғысы Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 194 қаулысымен бекітілген және жалпы оның құқықтық мәртебесін, оның қызметінің қағидаттарын, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, жеке және заңды тұлғалармен өзара әрекеттесу, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

Ішкі талдау барысында Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ретламенттейтін ішкі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық нормалары, қайшылықтары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен рәсімдер табылған жоқ.

1. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (Жұмысқа орналасу, келіп-кету барысындағы жемқорлық тәуекелдерін анықтау).

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, персоналды жұмысқа қабылдау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мақсатында Кәсіпорында басқару мәселелерін, оның ішінде персоналды іріктеу және т.б. реттейтін ішкі құжаттар, сонымен қатар комиссия құрамы бекітілген.

Қолданыстағы кәсіпорын бас дәрігерінің бұйрығымен бекітілген «Қызметкерлерді іздеу, жұмысқа қабылдау, тағайындау және қызметке қабылдау» қағидаларының талаптары жеке тұлғаларды Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында кәсіпорында қызметкерлерді жұмысқа қабылдау «Еңбек-KZ» республикалық порталына хабарлама беру арқылы жүргізіледі. Бос орындар туралы ақпарат «Enbek.kz» электрондық еңбек биржасының «Бос жұмыс орындары» бөлімінде орналастырылады. Аталған хабарламаға сәйкес жұмыссыздардың есебінде тұрған лауазым иелері жолдама арқылы жұмысқа тұрады.

Үміткерлерді бастапқы іріктеу кезінде үміткерлердің лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтауға бағытталған түйіндемелерге талдау жасалады. Содан кейін үміткердің кәсіби білімін

тексеру, атап айтқанда тағайындалған комиссия құрамы аттестациялау және бөлім меңгерушілерімен әңгімелесу кезеңдерінен өтеді.

Талданатын кезеңде – 443 (2020ж. -66, 2021ж. - 101, 2022ж. - 126, 2023ж. – 48, 2024ж. - 87, 2025ж. -15) отырыс өткізіліп, 348 (2020ж. - 34, 2021ж. - 56, 2022ж. -55, 2023ж. - 111, 2024ж. - 72, 2025ж. - 20) – кандидат тыңдалды.

107 – қызметкер комиссия құрамының аттестациялау жүргізуінсіз қабылданған. Елбасының 2022 жылдың 19 шілдесіндегі Жарлығына сәйкес ПМ-нің Тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері толығымен Денсаулық сақтау министрлігіне беру жоспарланған. Жарлықты орындау мақсатында Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы 2022 жылғы «17» наурыздағы № 136-Ө бұйрығымен ҚР ПМ ҚАЖК «№67» РММ-не және 2022 жылғы «02» желтоқсандағы № 483-Ө бұйрығымен ҚР ПМ ҚАЖК «№25, №26, №58, №59 мекемесі» РММ-не медициналық көмек көрсететін емдеу-алдын алу ұйымы ретінде № 5 қалалық емхана анықталып, медициналық бөлімдер емханаға беру туралы шешім қабылданды. Аталған мекемелердің медициналық бөлімдерімен бірге қызметкерлері емханаға қабылданған. Атап айтқанда – 67 қызметкер, - (оның ішінде 25 - дәрігер, 37 - орта медициналық персонал, 5 - кіші медициналық персонал) қабылданған.

Сонымен қатар, Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының 2025 жылғы 10 ақпандағы «Азаматтарды алғашқы медициналық – санитарлық көмек ұйымдарына бекіту және ұйымдар аумағын кеңейту жұмыстарын ұйымдастыру туралы» № 47-Ө бұйрығын орындау мақсатында Кәсіпорынның қызмет көрсету аумағына бекітілген Жамбыл ауданының Шайқорық, Танты, Қоңыртөбе, Шайқорық станциясы, Бектөбе және Қызылшарық елді мекендеріндегі кәсіпорын құрамына қосылатын медициналық ұйымдардағы - 40 қызметкер (оның ішінде 4 - дәрігер, 23 - орта медициналық персонал, 3 - кіші медициналық персонал, 10 - өзге қызметкерлер) қабылданған.

Еңбек заңнамасының барлық тиісті талаптарын сақтай отырып, 768 – қызметкермен еңбек шарты жасалған.

Жұмысқа жаңадан қабылданған медициналық (медициналық емес) қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, нұсқаулық жүргізілген.

Кәсіпорында штаттық кестеде көзделген лауазымдық нұсқаулықтар әзірленіп енгізілген.

Бас дәрігер орынбасарлары және бас бухгалтердің лауазымдық нұсқаулықтарында олардың Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар үшін жауапкершілігі жазылған, ал ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес бұл жұмысты дербес жауапкершілікті бірінші басшыға жүктеледі.

Кәсіпорында бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған қызметкерлер анықталған жоқ.

Жұмысқа орналасу кезінде кандидат құқық бұзушылықтың болуы (болмауы) туралы уәкілетті орган берген анықтаманы ұсынады, бұл талап 2021 жылы енгізілген. Осыған орай, Кәсіпорында 2021 жылға дейін жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жеке істерінде бұл анықтама жоқ. Алайда Қазақстан Республикасында жұмысқа орналасу үшін соттылығының болуы (болмауы) туралы анықтама беру туралы талап «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңымен және басқа да бірқатар нормативтік актілермен енгізілгендіктен және 2021 жылдан анықтаманы талап ету және ұсыну міндетті болғандықтан 2021 жылға дейін қабылданған қызметкерлерден де аталған анықтама талап етіліп, жеке-істеріне тіркелген.

Кәсіпорында кадрлық әлеуетті сақтау және дамыту үшін келесі іс-шаралар орындалуда:

- жалақыны басқаруға мүмкіндік беретін қызметкерлерді көтермелеу жүйесі (сараланған жалақы);
- кадр резервін жыл сайын жаңарту және іріктеу жолымен кәсіби өсу мен біліктілікті арттырудың шарттары мен перспективалары жасалады, осы мақсатта жыл сайын Жұмыс берушінің қаражаты есебінен біліктілікті арттыру және қайта даярлау жоспары әзірленеді және бекітіледі;
- жаңартылған әлеуметтік пакет бар: материалдық көмек, еңбек демалысы үшін жыл сайынғы сауықтыру жәрдемақысы, санаторийлық-курорттық жолдамалар үшін өтемақы, ынталандыру.

Кәсіпорында қарастырылып отырған кезеңде (01.01.2020 жылдан бастап 01.01.2025 жылға дейін): 768 (2020ж. - 69, 2021ж. - 156, 2022ж. - 126, 2023ж. - 232, 2024ж. - 126, 2025ж. - 59) - қызметкер қабылданған. Оның ішінде: 235 – дәрігер, 402 – мейіргер, 131– басқа мамандықтардың қызметкерлері жұмысқа қабылданды.

Аталған мерзімде 553 (2020ж. - 43, 2021ж. -103, 2022ж. - 111, 2023ж. - 131, 2024ж. - 146, 2025ж. - 19) - өз өтінішімен (еңбек шарты тұрақты мекенжайын ауыстыруына, отбасылық жағдайына байланысты және т.б. дәлелді себептермен бұзылды) қызметкер жұмыстан босатылған. Оның ішінде: 193 – дәрігер, 236 – мейіргер, 123 – басқа мамандықтардың қызметкерлері. Кәсіпорында кадрлардың қозғалысы қалыпты жағдайда.

255 (2020ж. - 32, 2021ж. - 56, 2022ж. -36, 2023ж. - 35, 2024ж. - 69, 2025ж. - 27) қызметкер ротацияланды, оның ішінде 13 (2020ж. -2, 2021ж. - 3, 2022ж. - 3, 2023ж. - 1, 2024ж. - 2, 2025ж. – 2) қызметкер лауазымын жоғарылатып, 242 (2020ж. - 30, 2021ж. - 53, 2022ж. - 33, 2023ж. - 34, 2024ж. - 67, 2025ж. - 25) қызметкер бірдей лауазымға ауыстырылған.

86 (2020ж. - 2, 2021ж. - 29, 2022ж. -14, 2023ж. - 31, 2024ж. - 9, 2025ж. - 1) қызметкерге жаза жарияланды, 68 (2020ж. - 6, 2021ж. - 8, 2022ж. - 12, 2023ж. - 18, 2024ж. - 24, 2025ж. - 0) қызметкер көтермеленді.

Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері тараптардың келісімі бойынша және қызметкердің бастамасы бойынша болып табылады. Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылыққа тарту фактілері жоқ.

Қызметкерлерге сыйақы беру бөлімшелер басшыларының ұсынысы бойынша жүзеге асырылады.

Талданып отырған кезеңде Кәсіпорынның 708 (2020ж. - 78, 2021ж. - 82, 2022ж. - 201, 2023ж. - 184, 2024ж. - 163, 2025ж. - 0) қызметкері оқыту және біліктігін арттыру курстарынан өтті.

Кәсіпорында 781 жеке тұлға жұмыс істейді (2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша), олардың кейбіреулері бір-бірімен туыс болып табылады. Бұл ретте олардың қызметі тікелей бағынышты емес. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде мүдделер қақтығысының болуына, кәсіпорын басшылығының арасында жақын туыстары, жұбайы және жекжаттарының бірлесіп жұмыс істеу фактілері жоқ. Олардың құрылтайшылар, кеңес мүшелері ретінде қатысуы, қоса атқаратын жұмысы және т.б. туралы әртүрлі жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаларға және т. б. мәліметтер алынған жоқ.

Қарастырылып отырған кезеңде Кәсіпорын қызметінің бағытына байланысты рәсімдерді ұйымдастырудың белгіленген тәртібі мен қағидаларын бұза отырып, сыбайлас жемқорлық сипатын бұзу және шешім қабылдау мәселелері бойынша өтініштер түскен жоқ.

«Ресурсты басқару жүйесі» немесе «СУР» порталында медициналық кадрлардың еңбек өтілімі, диплом мәліметтері, санаты, отбасы жағдайы, әскери қызметке жарамдылық (жарамсыздық) туралы мәліметтер, біліктілігін арттыру мәліметтері толық порталға енгізілген.

Персоналды басқару қызметінің қызметіне талдау жүргізу кезінде барлық бұйрықтар фирмалық бланкілерде, мемлекеттік тілде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңының нормаларына сәйкес дайындалды, сондай-ақ бұйрықтардың есебі мен нөмірленуі жүргізіледі.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 273 бабына сәйкес, дербес медициналық деректер, медициналық көмекке жүгіну фактісі, адам денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат және оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер медицина қызметкері құпиясын құрайды. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайлардан басқа кезде, медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді оқу, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде бұлар өзіне белгілі болған адамдардың жария етуіне жол берілмейді.

Емхана қызметкерлеріне - медициналық қызметкердің құпия ақпаратты жария етпеу, сонымен қатар ЭЦҚ басқа тұлғаларға бермеу жөніндегі міндеттемелері, жауапкершілігі түсіндіріліп, қызметкерлер келсімге (міндеттемеге) қол қойған.

2) Тегін медициналық қызметтер мен дәрі дармек ұсыну кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мемлекеттік қызмет көрсету қызметі бойынша: Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ «Мемлекеттік

көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес емхана 11 мемлекеттік қызмет көрсетеді, олардың ішінде:

- 1) Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту;
- 2) Дәрігердің қабылдауына жазылу;
- 3) Дәрігерді үйге шақыру;
- 4) Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама;
- 5) Транспланттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу;
- 6) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерді стационарға емдеуге жатқызуға жолдамасын беру;
- 7) Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды беру;
- 8) Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақ;
- 9) Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама;
- 10) Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту;
- 11) Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама;
- 12) Санаторий-курорттық емделуге мұқтаждығы туралы қорытынды;
- 13) ҚР азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу мүмкіндігі туралы құжаттарды қабылдау және қарау.

Қарастырылып отырған кезеңде (01.01.2020 жылдан бастап 01.01.2025 жылға дейін) дәрігердің қабылдауына жазылу – 1 920 229 (2020ж. - 385796, 2021ж. - 332096, 2022ж. - 351859, 2023ж. - 400406, 2024ж. - 413406, 28.02.2025ж. - 36666), дәрігерді үйге шақыру қызметі – 251463 (2020ж. - 75586, 2021ж.-48366, 2022ж. - 43218, 2023ж. - 37349, 2024ж. - 43349, 28.02.2025ж. - 3595), алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу – 396834 (2020ж. - 61760, 2021ж. - 65407, 2022ж. - 66526, 2023ж. - 67784, 2024ж. - 68936, 28.02.2025ж. - 66421), АИТВ-инфекциясының болуына ерікті анонимді және міндетті құпия медициналық тексерілу – 0 (2020ж. – 0, 2021ж. – 0, 2022ж. - 0, 2023ж. - 0, 2024ж. - 0, 2025ж. - 0), медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру – 1150 (2020ж. - 233, 2021ж. - 255, 2022ж. - 177, 2023ж. - 216, 2024ж. - 229, 28.02.2025ж. - 40), медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру – 54882 (2020ж. - 9375, 2021ж. - 11626, 2022ж. - 11526, 2023ж. - 6978, 2024ж. - 13034, 28.02.2025ж. - 2343), медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру – 122209 (2020ж. - 9773, 2021ж. - 22879, 2022ж. - 26785, 2023ж. - 28314, 2024ж. -

28181, 28.02.2025ж. - 6277), алдын-ала міндетті медициналық қарап тексеруден өту – 166747 (2020ж. - 34472, 2021ж. - 33381, 2022ж. - 29384, 2023ж. - 30607, 2024ж. - 33066, 28.02.2025ж. - 5837). Көрсетілген медициналық қызмет түрлері АИС порталына тіркелген. Мемлекеттік қызмет көрсету қызметі бойынша Емхана қызметін реттейтін заңнамадағы сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу қызметі бойынша субординациялық, этика-деонтология бұзу орын алған жоқ.

Науқастарды жоспарлы емдеуге жатқызу порталы арқылы арнайы медициналық көмек және жоғары медициналық көмек арқылы жолдау қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» № ҚР - ДСМ-27 бұйрығы қатаң сақталған. Науқас берілген тізім бойынша медициналық тексерілуден өтіп, жолданатын стационармен алдын-ала келісіліп, емдеуге жатқызу Бюросы порталы арқылы медициналық тексерілулер нәтижелері негізінде стационарға арнайы медициналық көмек және жоғары медициналық көмек арқылы (СМП, ВСМП) жіберілген.

Талдау жүргізу барысында - тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерді стационарда емдеуге жатқызуға жолдамасын беру бойынша 16251 (2020ж. - 4003, 2021ж. - 3995, 2022ж. - 3907, 2023ж. - 3954, 2024ж. - 3740, 11.03.2025ж. - 559) пациентті кезектен тыс емдеу мекемесіне жолдау және кезектен алынып тастауы анықталды. Пациентті кезектен тыс емдеу мекемесіне жолдау және кезектен алынып тастау – пациенттердің денсаулық жағдайы күрт нашарлауына байланысты жағдайлардың салдарынан орын алған.

Аталған жағдай Кәсіпорын тарапынан болжап білу мүмкін емес жайт және әр жағдай бойынша дәлелдеме құжаттар, түсініктемелер бар. Аталған жайттардың орын алу салдарынан бұзушылықтар, пациентке және оның мүддесіне қандай да бір залал келу, мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлыққа алып келетін әрекеттер орын алған жоқ.

Аталған жағдайлар бойынша Кәсіпорын тарапынан алдын алу, болдырмау мүмкіндігі жоқ. Өйткені пациенттің болашақ жағдайын, яғни денсаулық жағдайының нашарлауын болжау мүмкін емес. Науқастың болашақ денсаулық жағдайы, нашарлауы бақыланылмайтын процесс.

Күндізгі стационарға науқасты жолдау қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау: 2025 жылдың 1 наурызына емханадағы күндізгі стационарда 47 төсек (94 төсек екі ауысымда жұмыс істейді), аталған медициналық қызмет түріне мемлекеттік лицензияға қосымша рұқсат қағазы алынған. Күндізгі стационарда терапиялық, педиатриялық, гинекологиялық науқастар ем алған. Науқастар түскен күнінен бастап, «ЭРСБ» порталы арқылы тіркеліп, емдік тағайындаулар толық жүргізілген.

Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын алу қызметінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша: Аталған медициналық қызмет түріне мемлекеттік лицензияға қосымша рұқсат қағазы алынған. Емхананың «РПН» порталына тіркелген науқастарға ғана, уақытша еңбекке

жарамсыздық парағы ашылған. Науқастың ауруын дәлелдейтін симптомдар дәрігермен амбулаториялық картаға жазылған. ДҚК төрағасының рұқсатымен ашылған. Науқас медициналық тексеруден өтіп, әр 3 күн сайын дәрігердің бақылауына келіп тұраған. Барлық ашылған уақытша еңбекке жарамсыздық парақтар арнайы журналға тіркелген. Еңбекке жарамсыз науқастарға уақытша еңбекке жарамсыздық парағы ашылып, мүгедектікке шығу бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 260 бұйрығына сай 4-6 айда 088/у құжатымен медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолданған. Бұл медициналық қызмет түрлері «АИС» порталына тіркелген.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі аясында берілетін тегін дәрі - дәрмектер берілуінің сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау бойынша:

Кәсіпорын бас дәрігерінің бұйрығымен қаралып отырған кезеңде формулярлық комиссия бекітілген. Аталған комиссия нормативтік құқықтық актілерге сәйкес дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың (ДЗ мен ММБ) және басқа да медициналық мақсатта пайдаланылатын тауарлардың кіріс-шығыс бақылау жұмысын ұйымдастырады. Атап айтқанда, әр жарты жылдыққа облыстық денсаулық сақтау басқармасына «Дәрілік формуляр» ұсынылып, бас дәрігер мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының қолымен бекітілген. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі аясында берілетін тегін дәрі-дәрмектер түрлі нозологиялық диспансерлік есепте тұрған науқастар саны бойынша әр бір таблетка саналып, күніне қанша рет қабылданатынына дейін көрсетіліп, «ИСЛО» порталы арқылы тегін рецепт шығарылған.

Қарастырылып отырған кезеңде (01.01.2020 жылдан бастап 01.01.2025 жылға дейін) пациенттер алған дәрі-дәрмектердің жалпы саны (рецептер) – 246938 дана 6767633140,88 теңге (2020ж. – 44 607 дана 583 995 025,24 теңге, 2021ж. – 39 410 дана 582 176 599,26 теңге, 2022ж. – 44 894 дана 767 384 504, 97 теңге, 2023ж. 56 411 дана 1 004 423 901,17 теңге, 2024ж. 50 420 дана 3 610 112 243,73 теңге, 11.03.2025ж. – 11196 дана 219 540 866.51теңге).

Кәсіпорынмен қамтамасыз етілген ДЗ мен ММБ сапасы келесі критерийлер бойынша анықталады:

- мәлімделген сипаттамаларға сәйкестігі (белсенді зат, дозировка, шығару формасы).
- реттеуші органдардың сәйкестік сертификаттары мен лицензияларының болуы (Өндірушілер мен жеткізушілердің құжаттары).
- жарамдылық мерзімі және сақтау шарттары.

Дәрі-дәрмектердің пациенттерге берілгені, яғни рецептілерді жазып беруі, есепке алу және өткізді (босатуды) есепке алу – автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүргізіледі.

Кәсіпорын пациенттерге ДЗ мен ММБ беру деректері тіркелетін электрондық медициналық карталар «Даму Мед» АЖ және амбулаториялық

дәрі – дәрмекпен қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесі (ИСЛО) арқылы расталады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың саудалық атауына шекті бағалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген.

Кәсіпорында ДЗ мен ММБ сатып алу 3 тәсілмен жүргізілген. Атап айтқанда, тізім бойынша «СК-Фармация» ЖШС-гімен келсімшарт жасасу, «Мемлекеттік сатып алулар» Веб-порталы арқылы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 110 бұйрығы негізінде Веб-сайтта сатып алуды жариялау арқылы ДЗ мен ММБ сатып алу бойынша ашық тендерлер өткізу жүзеге асырылып келген.

Сатып алулар туралы ақпарат, сілтемелер, келісімшарттар мен жеткізушілер туралы ақпарат Кәсіпорын Веб-сайттың жарияланған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты жақсарту бойынша тиімді кері байланыс жүйесін құру мақсатында Кәсіпорын халықпен өзара іс-қимыл жасайды:

- Кәсіпорын басшылығы азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- өтініштер (ұсыныс, өтініш және шағым) «eOtinish» Веб-порталы, Кәсіпорынның веб-сайты, әлеуметтік желілері, ресми электрондық пошта, «Whatsapp» мессенджері арқылы және т.б. қабылданады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауаптарда олардың шешімге шағым жасау құқықтары туралы түсіндірмелер берілген.

Сонымен қатар сенім телефоны, анықтама телефондары да бар. Сыбайлас жемқорлық заңнамасының бұзылуы туралы ұсыныстар мен шағымдар үшін жұмыс істейтін веб-сайтта комплаенс қызметкерінің телефоны жарияланған.

Кәсіпорынның қызметі туралы ақпарат веб-сайтта және әлеуметтік желілерде уақытылы жаңартылып отырады. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу бойынша үнемі жұмыс жасалуда.

Осылайша, қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Кәсіпорын қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасының талаптарын сақтау

бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру. Осы мақсаттарда тұрақты негізде профилактикалық дәрістер өткізу.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелері бойынша жұмысты жалғастыру.

3. «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жамбыл облысы бойынша Департаменті» РММ-не осы анықтамаға № 1 қосымшаға сай, Қазақстан Республикасындағы медициналық ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету шараларын ұсыну.

Бас дәрігер



Д.Сарсенова


Жұмыс тобының мүшелері:

Бас дәрігердің медициналық бөлім
жөніндегі орынбасары




П.Маханова

Бас дәрігердің медициналық
қызметтер сапасын бақылау
жөніндегі орынбасары



Н.Мурзакасымова

Бас дәрігердің экономикалық мәселе
және әкімшілік-шаруашылық
қамтамасыз ету жөніндегі
орынбасары




П.Саршаева

Персоналды басқару қызметінің
басшысы



З.Сапарбекова

Комплаенс-офицер



А.Тортаева

Қазақстан Республикасындағы медициналық ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету шаралары

Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарында басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету мақсатында келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

1. Кадрлық саясатты жетілдіру

Медициналық ұйымдарда еңбек тәртібін бақылаудың маңызды құралдарының бірі – қызметкерлердің кіруі мен шығуын қадағалау жүйесін енгізу.

Қол жеткізілетін мақсаттар:

Қызметкерлер тәртібін арттыру – кешігу, жұмыс уақытынан бұрын кету және себепсіз жұмысқа келмеуді болдырмау.

Жұмыс уақытының тиімділігін арттыру – қызметкерлердің нақты жұмыс уақытын есепке алу.

Қауіпсіздікті күшейту – бөгде адамдардың кіруін шектеу және персонал қозғалысын бақылау.

Кадр саясатының ашықтығы – жалақы мен сыйақыны әділ есептеу үшін объективті есеп жүргізу.

Іске асыру әдістері:

Қызметкерлердің жұмыс уақытын бақылау үшін келесі технологияларды енгізу ұсынылады:

- **Биометриялық жүйелер** – саусақ іздері, көздің торлы қабаты немесе бет-әлпет арқылы сәйкестендіру.

- **Электрондық карталар** – қызметкерлерге жеке рұқсатнамалар беру.

- **QR-кодты сканерлеу** – келген және кеткен уақытты мобильді қосымша арқылы тіркеу.

- **Бет-әлпетті тану жүйелері** – автоматты сәйкестендіру функциясы бар бейнебақылау.

Іске асыру кезеңдері:

1. **Қазіргі жағдайды талдау** – медициналық ұйымның қажеттіліктерін анықтау және оңтайлы технологияны таңдау.

2. **Жабдықты сатып алу және орнату** – жүйені сатып алу, орнату және кадрлық қызметтермен біріктіру.

3. **Қызметкерлерді оқыту** – жүйені пайдалану тәртібі бойынша нұсқаулық өткізу.

4. **Тестілеу және түзету** – жүйенің жұмысын тексеру және ықтимал кемшіліктерді жою.

5. **Толық енгізу және мониторинг жүргізу** – жүйені толыққанды іске қосу және тиімділігін тұрақты талдау.

Күтілетін нәтижелер:

- Тәртіп бұзушылықтардың санын азайту.
- Жұмыс уақытын автоматты түрде есепке алу және кадр қызметінің жүктемесін азайту.
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіздікті арттыру.
- Жалақыны есептеудің әділдігін қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру

Медициналық мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін келесі шараларды енгізу қажет:

1) Мемлекеттік қызметтерді электрондық платформалар арқылы барынша автоматтандыру.

2) Медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдардың (тіркеу қызметтері, көші-қон қызметі және т.б.) базаларымен интеграциялау.

Азаматтардың шетелге тұрақты тұруға кетуін автоматтандырылған бақылау, содан кейін медициналық ұйымда автоматты түрде есептен шығару ерекше өзекті болып табылады. Мұндай интеграция пациенттерді жалған тіркеуге байланысты сыбайлас жемқорлық схемаларының алдын алуға мүмкіндік береді.

3. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды қадамы – **дәрілік заттарды сатып алу және бөлу бойынша бірыңғай цифрлық реестр құру**, сондай-ақ олардың қозғалысын **блокчейн технологиялары** арқылы қатаң бақылау.

Блокчейннің денсаулық сақтау саласындағы артықшылықтары:

Ашықтық – сатып алу, дәрі-дәрмектерді бөлу және қаржыландыру туралы барлық деректер тексеруге қолжетімді, бірақ өзгерту мүмкін емес.

Делдалдарды жою – заңсыз өзгерістер мен сатып алулардағы жасырын айла-шарғы жасау ықтималдығы жойылады.

Дәрі-дәрмек қозғалысын бақылау – препараттардың сатып алынған сәттен бастап пациентке берілгенге дейінгі әрбір кезеңін қадағалау мүмкіндігі.

Есептілік – барлық операциялар тіркеліп, өзгеріссіз қалады, бұл бюджеттік қаражаттың ұрлануын болдырмайды.

Бүгінде блокчейн кейбір елдердің денсаулық сақтау жүйесінде табысты қолданылып келеді және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге, жалған дәрілердің таралуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Бұл шараларды енгізу медициналық ұйымдарда басқарудың ашықтығы мен тиімділігін айтарлықтай арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Жобаны жүзеге асыру кешенді тәсілді талап етеді, бірақ оның нәтижелері жұмсалған шығындардан асып түсіп, денсаулық сақтау жүйесінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Меры по снижению уровня коррупции в медицинских организациях Республики Казахстан

В целях повышения прозрачности и эффективности управления медицинскими организациями Республики Казахстан, а также снижения уровня коррупции, предлагаются следующие меры:

1. Совершенствование кадровой политики

Одним из ключевых инструментов контроля за соблюдением трудовой дисциплины и повышения уровня безопасности в медицинских организациях является внедрение системы отслеживания входа и выхода сотрудников.

Цели внедрения системы контроля доступа:

Повышение дисциплины персонала – предотвращение опозданий, преждевременного ухода и прогулов.

Оптимизация учета рабочего времени – фиксация реального времени нахождения сотрудников на рабочем месте.

Усиление мер безопасности – предотвращение несанкционированного доступа и контроль за перемещением персонала.

Прозрачность кадровой политики – обеспечение объективного учета рабочего времени для справедливого начисления заработной платы и премий.

Методы реализации:

Для эффективного контроля за рабочим временем могут использоваться следующие технологии:

- **Биометрические системы** – идентификация по отпечаткам пальцев, радужной оболочке глаза или лицу.

- **Электронные карты** – использование индивидуальных пропусков для регистрации прихода и ухода.

- **QR-код сканирование** – мобильные приложения для фиксации времени прибытия и ухода.

- **Системы распознавания лиц** – видеонаблюдение с автоматическим определением личности.

Этапы внедрения:

1. **Анализ текущей ситуации** – определение потребностей медицинской организации и выбор оптимальной технологии.

2. **Закупка и установка оборудования** – приобретение, настройка и интеграция системы с кадровыми сервисами.

3. **Обучение персонала** – проведение инструктажа сотрудников по использованию системы.

4. **Тестирование и корректировка** – проверка функционирования системы, устранение возможных недостатков.

5. **Полноценное внедрение и мониторинг** – запуск системы в рабочем режиме с регулярным анализом эффективности.

Ожидаемые результаты:

- Снижение количества нарушений трудовой дисциплины.

- Автоматизация учета рабочего времени и снижение нагрузки на кадровые службы.

- Повышение уровня безопасности в медицинских учреждениях.
- Создание условий для справедливого начисления заработной платы и стимулирующих выплат.

2. Оптимизация государственных услуг

Для снижения коррупционных рисков в сфере оказания государственных медицинских услуг необходимо:

- 1) Максимальная автоматизация процессов через электронные платформы (порталы).
- 2) Интеграция информационных систем медицинских организаций с базами государственных органов (регистрационные услуги, миграционная служба и др.).

Особенно актуальным является автоматизированный контроль за выездом граждан за границу на постоянное место жительства с последующим автоматическим снятием с учета в медицинской организации. Такая интеграция позволит предотвратить коррупционные схемы, связанные с фиктивной регистрацией пациентов.

3. Совершенствование системы лекарственного обеспечения

Необходимым шагом в борьбе с коррупцией является создание **единого цифрового реестра закупок и распределения лекарственных препаратов**, а также внедрение строгого контроля за их движением с применением **блокчейн-технологий**.

Преимущества использования блокчейн в здравоохранении:

Прозрачность – все данные о закупках, распределении лекарств и финансировании фиксируются в реестре, который доступен для проверки, но не подлежит изменению.

Исключение посредников – предотвращение фиктивных корректировок и скрытых махинаций с закупками.

Контроль движения лекарств – возможность отслеживания каждого этапа, от закупки до выдачи пациенту, в режиме реального времени.

Подотчетность – невозможность корректировки транзакций, что предотвращает хищение бюджетных средств.

На сегодняшний день блокчейн уже применяется в здравоохранении некоторых стран, позволяя значительно снизить уровень коррупции и минимизировать риски поставок фальсифицированных препаратов.

Заключение

Внедрение данных мер позволит значительно повысить прозрачность и эффективность управления медицинскими организациями, минимизировать коррупционные риски и улучшить качество оказываемых услуг. Реализация проекта потребует комплексного подхода, однако ожидаемые результаты значительно превзойдут затраты, обеспечивая надежность и безопасность медицинской системы страны.

Всего прошито, пронумеровано
и скреплено печатью

И (04 марта) л.
протоисую

ММ
» Иванов 2005 г.

